ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ БИЗНЕС ЖОҒАРЫ МЕКТЕБІ
ЭКОНОМИКА КАФЕДРАСЫ

# КӘСІПОРЫН ЭКОНОМИКАСЫ

Андабаева Гульмира Кенжегалиевна



# КӘСІПОРЫННЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ

Сабақтың мақсаты: Кәсіпоынның жалпы, ұйымдық және өндірістік құрылымдарына түсініктеме беріп, әрқайсының ерекшеліктерін көрсету

1 КӘСІПОРЫНДЫ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

2 КӘСІПОРЫННЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫН АНЫҚТАЙТЫН ФАКТОРЛАР

# КӘСІПОРЫНДЫ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



Кәсіпорын құрылымы– бұл бүтін шаруашылық объектіні құрайтын ішкі буындардың: цехтар, учаскелер, бөлімдер, лабораториялар және басқа да бөлімшелердің құрамы мен ара-қатынастары.

# Кәсіпорынның басқару құрылымы

**КӘСІПОРЫННЫҢ ЖАЛПЫ ҚҰРЫЛЫМЫ**

өндірістік бөлімшелер мен қызметкерлерге қызмет көрсететін бөлімшелер кешенін және сонымен бірге кәсіпорынның басқару аппаратын қамтиды.

**КӘСІПОРЫННЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ**

басқару аппараты бөлімшелері және олардың өзара байланыстары мен өзара бағыныштылығының құрамы.

**КӘСІПОРЫННЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ**

өндірістік үрдісті ұйымдастыру нысаны және кәсіпорын мөлшері, цехтар мен қызмет көрсету түрлерінің арасындағы байланыстары

# Бірінші тәсіл

- Ресми құрылым– құқықтық нормалар мен өкілеттікті бөлу

- Бейресми құрылым– ұжым мүшелерінің қарым-қатынастары

# Екінші тәсіл

- Механикалық құрылым қатаң басқару иерархиясын көрсетеді.
- Органикалық құрылымдар иерархиямен бірге нарық құраушылары мен жағдайларын да ескеруді қамтиды

# Ұйымдық құрылымның негізгі ішкі қасиеттері

| Құрылымның күрделілігі | Құрылымның ресми болуы | Кәсіпорынды басқаруды орталықтандыру (жергіліктендіру) дәрежесі |
|---|---|---|
| басқару қызметінің түрлерін бөлу дәрежесі | басқарушылық процедуралар мен ережелердің бір типті болу дәрежесі | нақты шешімдер басқарудың қай деңгейінде шешілетіндігіне байланысты |

**Сызықтық құрылым** жеке даралық пен орталықтандыруды іске асырады



**Функционалды ұйымдық құрылым** көп жағдайда дәстүрлі немесе классикалық деп те атайды.



**Сызықты-функционалды құрылым** сызықты құрылымның түрлі буындарында оларға сәйкес келетін функционалды бөлімшелердің болуымен сипатталады.



Сызықты-функционалды құрылымның бір түрі **– штабты құрылым.**



**Дивизионалдық құрылымда** ұйымды құрылымдық бөлімшелер мен элементтерге бөлу товарлар мен қызмет түрлері бойынша, сатып алушылар топтары немесе географиялық аймақтар бойынша жүргізіледі



Жұмыстардың **жобалық ұйымы** нақты мәселені шешу үшін құрылатын уақыттық құрылым



**Матрицалық ұйымда** жоба топтарының мүшелері жоба басшысы мен сәйкес функционалды бөлім басшысына да бағынышты болады



# 2 Кәсіпорынның өндірістік құрылымын анықтайтын факторлар



Кәсіпорынның өндірістік құрылымы – өндірістік үрдісті ұйымдастыру нысаны және кәсіпорын мөлшері, цехтар мен қызмет көрсету түрлерінің көлемі, құрамы мен үлестік салмақтары, олардың араласуы, сонымен бірге цех ішіндегі өндірістік учаскелер мен жұмыс орындардың құрамы, саны мен орналасуы туралы мәліметтермен сипатталады.

# Цехтар мен участкелер түрлері

- Негізгі цехтарда шикізат пен материалдарды дайын өнімге айналдырудағы өндірістік үрдістің нақты кезендері жүзеге асады.
- Қосымша цехтардың мақсаты - негізгі өндіріс цехтарының үздіксіз дұрыс жұмыс жасауын қамтамасыз ету.
- Қызмет көрсететін цехтардың атқаратын қызметтері: өнімді сақтау, шикізатты, материалдар мен дайын өнімді тасымалдау және т.б.

## Өндірістік учаске

бірдей немесе біртекті өнімді өндіру технологиялық жағынан бірдей немесе түрлі операциялар орындалатын жұмыс орындарының жиынтығы.

## Жұмыс орын

жұмысшы немесе жұмысшылар тобы өндіріс үрдісінде қызмет көрсету және өнім өндірудің жеке операциялары жүзеге асырылатын өндіріс ауданының бір бөлігі

## Цехтар

Учаскелердің  саны, құрамы мен олардың арасындағы қарым-қатынастарды ірі өндірістік бөлімшелер – цехтар құрайды..

# Кәсіпорынның өндірістік құрылымын анықтайтын факторлар





# Кәсіпорынның өндірістік құрылымы түрлері





Өндірістік инфрақұрылым
Материалды - техникалық қамсыздандыру
Құрал-саймандық шаруашылық
Жөндеу шаруашылығы
Энергетикалық шаруашылық
Транспорттық шаруашылық
Қойма шаруашылығы
Өнімді өткізу
Материалды-техникалық қамсыздандыру бөлімі
Сақтау қоймалары
Құрал-саймандар өндірісі
Сақтау қоймалары
Бас мехник және механикалық бөлімі
Жөндеу мехникалық цехтар
Бас энергетик және энергетикалық бөлімі
Энергетикалық цехтар
Транспорттық цехтар
Өндірістік қоймалар
Логистикалық орталықтар
Өндірістік қоймалар
Көтерме және бөлшек сауда дүкендері
Фирмалық дүкендер

# «Батыс транзит» АҚ ұйымдық құрылымы



## ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Андабаева Г.К. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы .- Алматы: Қазақ Университеті., 2021
2. Мейірбеков А.Қ. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы.- Алматы: Эверо, 2014.
3. Оразалин К.Ж. Кәсіпорын экономикасы (теория, тест сұрақтары, есептер). Оқу құралы. - Алматы: LEM, 2015. - 296 б.
4. Скляренко В.К., Прудников В.М. Экономика предприятия: учебник. – М. : ИНФРА-М, 2005. – 528 с.
5. Түсіпбеков Т. Кәсіпорын экономикасы (дидактикалық материалдар және көрнекі құралдар): Оқу құралы: / Т.Түсіпбеков, Г.Теңізбаева, А.Ибраева. - 3-басылым толықт., өңд. - Астана: Фолиант, 2017. - 192 с.

## ҚАЙТАЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1) Төмендегі түсініктерге қысқаша анықтама беріңіздер: ұйым, еңбекті бөлу, ұйым құрылымы, ұйымның ішкі және сыртқы ортасы.
2) Өзіңіз білім алып жатқан жоғары оқу орнының немесе жұмыс жасайтын кәсіпорынның ұйымдық құрылым схемасын жасаңыздар.
3) Кәсіпорынның қандай сипаттамалары еңбек ресурстарына әсер етеді?
4) Өндірістік және ұйымдық құрылымдар арасындағы байланысқа сипаттама беріңіздер.
5) Жалпы құрылым түсінігін анықтаңыздар.
Ұйымдық құрылымның тиімді қызметіне түсініктеме беріңіздер.


РАХМЕТ!
→



э.ғ.к., доцент
Андабаева Гульмира Кенжегалиевна
andabayeva.gulmira@kaznu.edu.kz